


ISSN 2073-333X
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№5/5 2020

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТИ

Құрылтайшы:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:

INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

**№5/5
2020**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
INTERNATIONAL SCIENCE JOURNAL

Бас редактор – **Алауханов Е.О.** «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң
ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор – **Алауханов Е.О.** «Заслуженный деятель Казахстана», доктор
юридических наук, профессор

Editor-in-chief – **Alaukhanov Ye.O.** «Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», doctor
of Law Sciences, professor

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

1. Абдиров Н.М., з.ғ.д., профессор
2. Абдрасилов Б.С., б.ғ.д., профессор
3. Абдурасулова К.Р., з.ғ.д., профессор (Ташкент)
4. Абзалов Э.М., з.ғ.д., профессор, 3-сыныпты мем. заң кеңесшісі (Ташкент)
5. Аликперов Х.Д., з.ғ.д., профессор, 3-сыныпты мем. заң кеңесшісі (Баку)
6. Асанов Ж.К., з.ғ.к., ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы Байдаулет И.О., мед.ғ.д., профессор
7. Байдельдинов Д.Л., з.ғ.д., профессор
8. Баулин Ю.В., з.ғ.д., профессор (Киев)
9. Бабулин С.Н., з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
10. Бисенов К.А., тех.ғ.д., профессор
11. Бородин С.В., з.ғ.д., вице-президент, адвокат (Воронеж)
12. Букалерова Л.А., з.ғ.д., проф. (РУДН, Мәскеу)
13. Ведерникова О.Н., з.ғ.д., проф., РФ Жоғарғы Сотының судьясы (Мәскеу)
14. Гаипов З.С., с.ғ.д., профессор
15. Голик Ю.В., з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
16. Гриб В.В., з.ғ.д., профессор, бас ред. (Мәскеу)
17. Грунтов О.И., з.ғ.д., профессор БГУ (Минск)
18. Джансараева Р.Е., з.ғ.д., профессор
19. Дулатбеков Н.О., з.ғ.д., профессор
20. Елешов Р., а.-ш.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
21. Елубаев Ж.С., з.ғ.д., профессор
22. Есім Ф., ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
23. Жұмағұлов Б.Т., т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
24. Жұрынов М.Ж., академик, ҚР ҰҒА Президенті
25. Зигмунд О. А., з.ғ.д., профессор (Германия)
26. Ыдырысов Д.А., т.ғ.д., профессор
27. Қасымбеков М.Б., с.ғ.д., профессор
28. Козаченко И.Я., з.ғ.д., профессор (Екатеринбург)
29. Коняхин В.П., з.ғ.д., профессор (Краснодар)
30. Коробеев А.И., з.ғ.д., профессор (Владивосток)
31. Құл-Мұхаммед М.А., з.ғ.д., профессор
32. Лебедев С.Я., з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
33. Лиховая С.Я., з.ғ.д., профессор (Киев)
34. Лопашенко Н.А., з.ғ.д., профессор (Саратов)
35. Мацкевич И.М., з.ғ.д., профессор (Мәскеу, МГЮА)
36. Минязева Т.Ф., з.ғ.д., профессор (Мәскеу, РУДН)
37. Мухамедиұлы А., ф.ғ.д., профессор
38. Мұсақожаева А.К., профессор, ҚазҰӨУ ректоры
39. Мұтанов Ф.М., т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі, ҚазҰУ ректоры
40. Рагимов И.М., з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
41. Рустамбаев М.Ю., з.ғ.д., профессор (Ташкент)
42. Оразалин Н.М., ақын-драматург
43. Орлов В.Н., з.ғ.д., «Российский криминологический взгляд» журналының бас редакторы
44. Сагадиев К.А., э.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
45. Сұлтанов Қ.С., с.ғ.д., профессор
46. Сыдыков Е.Б., т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, ЕҰУ ректоры
47. Тұрсынов Х.М., т.ғ.д., профессор, Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ
48. Шестаков Д.А., з.ғ.д., профессор, СП(б) халықаралық криминологиялық клубының президенті

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

1. Абдуллаев К.К., а.-ш.ғ.д., профессор
2. Айтжанов Б.Д., вет.ғ.д., профессор
3. Асанғазы О., қоғам қайраткері
4. Әбішев Т.Д., з.ғ.к., профессор
5. Әбішев Х.А., з.ғ.к., профессор
6. Әлиев Д.М., э.ғ.к., қоғам қайраткері
7. Байменов А.М., тех.ғ.к., профессор
8. Бекмағамбетов А.Б., з.ғ.к., профессор (Қостанай)
9. Бектұрғанов Е.Ө., ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты
10. Бишманов Б.М., з.ғ.д., профессор
11. Борбат А.В., з.ғ.к., бас редактор (Мәскеу)
12. Данилов А.П., з.ғ.к., доцент (Санкт-Петербург)
13. Дикаев С.У., з.ғ.д., профессор (Санкт-Петербург)
14. Жақып Б.Ө., филол.ғ.д., профессор
15. Жанабилев Н.Е., з.ғ.к., профессор (Астана)
16. Жұмағұлова В.И. ф.ғ.д., профессор
17. Зарипов З.С., з.ғ.д., профессор (Рязань)
18. Иванчин А.В., з.ғ.д., адвокат (Ярославль)
19. Ивона Массакки, профессор (Польша)
20. Қанжігітов Е.Қ., вет.ғ.д., профессор
21. Кәрібаев Б.Б., т.ғ.д., профессор
22. Кленова Т.В., з.ғ.д., профессор (Самара)
23. Корконосенко С.Г., ф.ғ.д., профессор (Санкт-Петербург)
24. Қуаналиева Г.А., з.ғ.д., профессор
25. Құрманалиев К.А., ф.ғ.д., профессор
26. Куфлева В.Н., з.ғ.к., доцент (Краснодар)
27. Мажейка Кипрас И., MEATP акад. (Мәскеу)
28. Маткаримова Г.С., з.ғ.д., профессор (Ташкент)
29. Мельник Г.С., ф.ғ.д., проф. (Санкт-Петербург)
30. Молдабаев С. С., з.ғ.д., профессор (Алматы)
31. Омаров Б.Ж., фил.ғ.д., профессор
32. Рустемов Б.Т., жазушы-публицист
33. Рустемова Г.Р., з.ғ.д., профессор
34. Саломов Б., з.ғ.д., профессор, адвокат (Ташкент)
35. Сапиев О.С., ҚР қоғам қайраткері
36. Сарсембаев М.А., з.ғ.д., профессор
37. Сейтжанов Ә.Ә., з.ғ.к., доцент
38. Слатлаев Б.М., з.ғ.д., профессор
39. Сыдыкова Л.Ч., з.ғ.д., профессор (Бішкек)
40. Тойлыбаев Б.А., п.ғ.д., профессор
41. Төлеген М.Ә., доктор PhD, ШҚМУ ректоры
42. Турецкий Н.Н., з.ғ.д., профессор
43. Тұрғараев Б.Т., з.ғ.д., профессор
44. Тұрсынов С.Т., э.ғ.д., профессор
45. Фадеев В.Н., з.ғ.д., проф. (Мәскеу)
46. Усманов А., п.ғ.д., профессор
47. Усманов С.У., т.ғ.д., профессор
48. Челадзе Г., құқық докторы, әкімшілік бизнес докторы, профессор (Грузия)
49. Шаукенова З.К., э.ғ.д., профессор
50. Харченко В.Б., з.ғ.д., профессор (Харьков)
51. Ху Тин, Вьетнам Жазушылар Қауымдастығының Төрағасы (Вьетнам)

Динашева Л.С., Әліпбай Б.М. Түркияда демократиялық партияның билігі тұсындағы оқулықтарда кеңестік ресей тарихы.....	145
Дүйсенова Ж.Қ. Баланы мектепке психологиялық даярлаудың жолдары мен әдістері	149
Жаксыбаева А., Санай Г.Е., Абдусаламова А.Б. Жеткіншектердің қарым-қатынасты жетілдірудегі әлеуметтік педагог жұмысының әдістемесі мен технологиясы.....	154
Жилисбаев Н.К., Сейдахметов Е.Е. Дене тәрбиесі жүйесіндегі ұлттық ойындардың сипаттамасы	159
Ержігіт А.Б. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалана отырып оқытудың оқушының оқу нәтижесіне әсері.....	167
Жаппарбергенова Э.Б., Алпамысова Г.Б., Абдуллаева Ф.М., Алпамысова А.Б., Исаев Г.И. Исследования по внедрению методов проблемного обучения в систему среднего образования Казахстана.....	171
Жаппарбергенова Э.Б., Алпамысова Г.Б., Абдуллаева Ф.М., Алпамысова А.Б., Исаев Г.И. Применение инновационных методов в процессе проблемного обучения биологии и биотехнологии.....	174
Исаев Ф.И., Бостанова А.М., Нуралиева Ж.К., Алпамысова Г.Б. Биология курсына оқытуда экологиялық білімді қалыптастыру.....	178
Исаев Ф.И., Гаибназаров М.О., Алпамысова Г.Б. Оқушыларға in vitro әдісімен жүзімді жеделдете өсіру технологиясын меңгерту	182
Исаев А.И., Ортаев Б.Т. Дене тәрбиесіндегі бақылауды ұйымдастыру түрлері мен формалары – болашақ маман даярлау бағдары.....	185
Исаев Ф.И., Пернебай С.Ә., Кәрімжан Т.М., Алпамысова Г.Б. Болашақ биолог мамандар үшін ботаникалық бақ жағдайындағы алма сұрыптарын оқу үрдісіне ендіру.....	190
Кішібаева Д.Ж., Досмамбетова Ж. Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы негізінде бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.....	193
Куралбаева А.А., Рахмет Ү. «Әдебиеттік оқу» оқулығындағы мәтіндерді оқылым деңгейлеріне қарай талдау	197
Куралбаева А.А., Халилаева Э.Ж. Ертегілердің ерекшеліктері мен жіктелуін зерттеу	203
Курбанбеков Б.А. Қашықтықтан білім беру жағдайында компастың құрылысын, жұмыс жасау қағидатын түсіндіретін демонстрациялық тәжірибені ұйымдастыру	209
Қонысова А.А., Атемова Қ.Т., Чаканова С.Ж. Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) – білім беру үдерісіндегі жаңа технология	213
Қырқынбекова С.Т. Білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдылары	217
Оралбекова А.К., Киясова К.К., Арзымбетова Ш.Ж. Инклюзивті білім беру педагогикасының қалыптасу тарихы	221
Примкулова Г.Ж., Ахметов С.И. Дүниежүзі білім беру тәжірибесінде инновациялық даму үрдісі.....	226
Рысбекова А.Қ., Дүйсенбай А.Қ. Оқу мотивациясын қалыптастырудың тиімділігі.....	230
Саймагамбетова Г.А., Ертілеуова А.Б. Білім беру жүйесіндегі жоғары оқу орындарының тиімділігін анықтауға әсер ететін түрлі факторларды талдау	235

Оралбекова А.К.

PhD доктор

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық университеті
Шымкент қ., Қазақстан

Киясова К.К.

п.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент қ., Қазақстан

Арзымбетова Ш.Ж.

п.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Түйін. Қазіргі жағдайда инклюзивті білім барлық балаларды оқытудың перспективті формасын көрсетеді. Себебі инклюзивті білім беру үдерісі оқу әрекетін әрбір баланың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратындай етіп, оңтайлы ұйымдастыру деген ұғымды білдіреді. Бұл жағдайда инклюзивті білім берудің тарихи қалыптасуы мен дамуын жақсы біліп, ары қарай қорытынды жасай алуымыз керек. Қоғамның ауытқушылығы бар тұлғаларға деген көзқарасы мен қарым-қатынасының тарихи сипаты бар, әрі ол қоғамның даму деңгейімен анықталады: ғылым мен білімнің, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың, билік құрып тұрған діни көзқарастардың, ұлттық дәстүрлердің, құқықтық нормалардың жай-күйімен.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, инклюзивті білім берудің қалыптасу тарихы, мүмкіндігі шектеулі балалар.

Резюме. В современных условиях инклюзивное образование отражает перспективную форму обучения всех детей. Так как процесс инклюзивного образования означает рациональную организацию учебной деятельности, удовлетворяющую образовательные потребности каждого ребенка. В этом случае мы должны хорошо знать историческое становление и развитие инклюзивного образования и сделать дальнейшие выводы. Отношение общества к лицам с отклонениями имеют исторический характер, и определяется уровнем развития общества: состоянием науки и образования, социально-экономических отношений, властных религиозных взглядов, национальных традиций, правовых норм.

Ключевые слова: инклюзивное образование, история становления инклюзивного образования, дети с ограниченными возможностями.

Summary. In modern conditions, inclusive education reflects a promising form of education for all children. Since the process of inclusive education means a rational organization of educational activities that meet the educational needs of each child. In this case, we should be well aware of the historical formation and development of inclusive education and draw further conclusions. The attitude of society to persons with disabilities is historical in nature, and is determined by the level of development of society: the state of science and education, socio-economic relations, religious views of power, national traditions, and legal norms.

Keywords: inclusive education, history of inclusive education, children with disabilities.

Көптеген ғасырлар бойы аномалды даму мәселесі ғылыми тұрғыдан қарастырылмаған. Адамзат қоғамы тарихының әртүрлі кезеңдерінде психофизикалық кемшілігі бар адамдарға деген қарым-қатынасы тіптен төзерлік деңгейде болмады. Айталық, Спартада әрбір жаңа туылған нәрестені ақсақалдар мұқият қарап шығатын. Әлсіз әрі ұсқынсыз балаларды шұңыраудан лақтырып жіберетін. Көне Римде болса, ұсқынсыз

балаларды өлтіріп тастаған, ал әлсіз әрі кейпі сүйкімсіз сәбилерді суға тұншықтыратын.

Орта ғасырларда Батыс Еуропада инквизиция есі ауысқан адамдарды жазалап, оларды «шайтанның балалары» деп атап, түрмеге лақтырып, қинап, тіпті отқа жаққан. Қайта өрлеу дәуірі кезеңінде адами кемшіліктер мен кемістіктерге аяушылықпен қарау және жаны ашу гуманистік идеялары бастау алды (Т.Морр, Э.Роттердамский,

Я.А.Коменский, Д.Локк). Дәрігерлер шіркеулер мен түрме-лерге барып, есі ауысқан адамдарды бақылап, олардың қоғамға қайта оралуына көмек берудің жолдарын іздейді. Есі дұрыс емес балалар оқыту мен тәрбиелеудің ерекше формаларына зәру екендігі туралы алғашқы ойды швейцарлық педагог Иоганн Генрих Песталоцци ұсынды.

Танымал чех педагогы Ян Амос Коменский бір-бірінен ой дамуы мен мінез-құлық ерекшелігінің деңгейіне қарай айырмашылығы бар балалардың алты типін анықтап көрсетті. Оның ойынша, мектеп барлық балаларды жаппай оқытудың орны болуы тиіс. Мұнда белгілі бір кәсіпке оқытуға ғылым негіздеріне зерттеуге қаншалықты назар аударылса, соншалықты көңіл қойылды. Я.А.Коменский негізін қалаған мектеп адамгершілік дүниетанымдарға негізделіп, инклюзивті білім беру жүйесін толық қанды бейнелей алды. Айталық, өзінің еңбегінде Б.Б. Ярмахов «1 оқушы: 1 компьютер» – мектепте ұтымды оқытудың білім беру үлгісін әртүрлі кезеңдердегі мектептердің реттігін сипаттап көрсетті. «Коменский – Руссо – Песталоцци – Толстой – Дьюи – Килпатрик – Штайнер – Корчак – Френье – Монтессори – Выготский – Пиаже – Занков – Эльконин – Иллич – Пейперта» (тізім толық емес). Бұл мектеп мынаған құрылған: оның басты міндеті – баланы дамыту идеясы – әртүрлі қабылданып, түсіндіріледі, бірақ шамадан тыс құндылық деңгейінен байқалады. Мұғалім жұмысының негізгі мәні – белгілі бір «мазмұнды» тілмен жеткізу, оны «меңгеруге» бақылау жасауда емес, баланы осы әрекеттер арқылы дамыту идеясын жүзеге асыруда. Бұл мектеп кез келген унификация мен стандартизациялауға қарама-қайшы. Мұндай мектеп үшін постулат – біркелкі қасиеттері мен ерекшеліктері болатын, екеуін бірдей оқытуы керекті екі бала болмайды. Бір ғана сабақты екі түрлі сыныпта бірдей жүргізуге болмайды; мұндай мектептің оқу стандарты – пәндік сала аясындағы гипотетикалық шекара, оның аясында оқу әрекеті жүзеге асырылады; мұндай мектептегі әрбір мұғалім түбегейлі түрде алмастырылмайды және айрықша. Иә, ол ауырып немесе зейнеткерлікке кетуі мүмкін, сыныпқа басқа мұғалім келуі мүмкін. Алайда бұл – мүлдем басқа үдеріс немесе басқаша әрекет түрі; мұндай мектепте болып жатқан барлық іс-әрекеттер таңдауға құрылған; мұндай мектептегі іс-әрекеттің орташа түрі – оқушылар барысында тәжірибе жинақтайтын үдеріс, оның негізінде оқушының тұлғалық құрылымы қалыптасады; мұндай мектеп «балдық баға» дегенді білмейді – балол үшін қарама-қайшы дүние. Оқушының мектептегі әрбір іс-әрекеттерін бағалаудың бірыңғай шкаласы жоқ. Оның іс-әрекеті ретіндегі құрылымды бөліктер – оның генетикалық деңгейдегі қабілеттері, оның интеллектуалды және

эмоционалды дамуына жалпы бағыттылық; баланың өсіп-өнген әлеуметтік ортасы; оны мұғалім мен басқа балалардың қабылдау ерекшелігі; көңіл-күй – қазір және осында, отбасында және референтті топтағы оқиғалар [1. Ярмахов Б.Б., 2012 год. 140-141 с.].

Саңырау балаларды жекелеп оқытудың алғашқы талпыныстары Испанияда 1578 жылы, Ұлыбританияда 1648 жылы, ал соқырларды оқыту талпыныстары – Францияда 1670 жылы бастау алған.

Дамуында ауытқушылығы бар тұлғалардың адамгершілік құқықтарына деген көзқарастарды гуманизациялау мен демократизациялау Руссо, Вольтер, Монтестье, Дидро еңбектерінде, 1973 жылы, Ұлы Француз төңкерісі жылдарында шыққан «Адам құқығы декларациясында» көрініс тапқан.

Дамуында ауытқушы бар адамдарды ғылыми тұрғыдан зерттеу XIX ғасырда бастау алды, оның дамуына айрықша үлес қосқандар француз дәрігер-психологтары: Филипп Пинель, Жан-Этьен-Доминик-Эскироль, Жан Итар болды. Олар ойлауында мешулік бар баланы («Айверондық жабайылық») оқыту мен тәрбиелеуге алғашқы талпыныстар жасаған. Психиатрияның дамуында дәрігерлердің назарына интеллектуалды ауытқушылықтың терең формалары ілікті. Сөйтіп, интеллектуалды аномалиялары бар балаларға медициналық-педагогикалық көмек беруге негіз қаланды.

Тәжірибе жүзінде қолдану ісіне Эдуард Сеген біршама үлес қосты, ғалымның идеялары оның отаны – Францияда қолдау таппаған соң, АҚШ-қа жер аударды. Америка жерінде оның басшылығымен мешу балалар үшін жекеменшік мектептер ашылды. Бұл мекемелерде оқыту, еңбек және дене тәрбиесі қарастырылған педагогикалық көмек жүйесі қалыптасты. Оған дейін педагог-дефектологтар Э.Сеген құрастырған оқу құралдары кең қолданылған болатын. Еуропада Э.Сегеннің идеялары М.Монтессори-дің арқасында дами түсті. М.Монтессори мешу балаларды оқыту үшін өзіндік дидактикалық жүйесін құрастырды. Оның мектепке дейінгі жастағы балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дидактикалық құралы әлі күнге кең сұранысқа ие.

XIX-XX ғасырлар тоғысында Еуропада дамуында ауытқушылық бар балаларға көмек берудің негізгі бағыттарының дамуы қалыптасып, тарала бастады (арнайы мекемелерде):

- христиандық-филантропиялық: жетімдер үйінде, құдайханалардағы мүгедектерді қоғамдық қамқорлық ұйымдары;
- медициналық-педагогикалық: емдеу, тәрбиелеу және оқыту;
- педагогикалық: есту, көру, интеллектуалды бұзылушылықтары бар балаларға білім беру;
- психодиагностикалық: интеллект, диффе-

рениациясы бұзылған тұлғаларды анықтау.

Алайда Русь және Еуропада кедей-кепшіктер, мүгедектер мен кембағал-кемтар жандарға деген қарым-қатынас біркелкі болмаған. Олардың саны көбейгенде (соғыстан, экологиялық апаттардан соң), қозғалысын белгілі бір тәсілдермен шектеуге тырысқан. Олар үшін шіркеулерде құдайханалар салынған. Иван Грозныйдың «Жүзбасты сотшы» (1551) ережесіне аурулар мен кедейлерге, «сайтандар мен жын кіріп кетіп, ақыл-есінен айрылғандарға» қамқорлық жасау қажеттілігі туралы бап ендірілген болатын. Оларды шіркеулерге орналастырып, «дені саулар үшін қарауыл» ретінде қабылданбауына жағдай жасау керек деген ұсыныстар жасалған.

Ресей мен Еуропада дамуында ауытқушылық бар балаларға көмек берудің бағыттары дамыды: христиандық-қайырымдылық – жетімдер үйі, құдайханалар, қамқорлық үйлері; емдік-педагогикалық – ауруханалар мен санатория-мектептердегі арнайы бөлімдер; педагогикалық – балалар үйлері мен балабақшалар, мектептер, колониялар.

Арнайы білім беру мекемелерін қаржыландыру көзі – қайырымдылық шаралары.

Арнайы білім берудің мемлекеттік жүйесін қалыптастыру Ресейде 1917 жылы басталды. Дамуында ауытқушылық бар балалар мемлекеттің тікелей қамқорлығында болып, қалыпты дамып келе жатқан құрбы-құрдастары, отбасы, шіркеу, қоғамдық қайырымдылық орталықтарынан белгілі бір деңгейде шектелгенді [2. Малофеев Н.Н., 2000. – 78-79 с., 3. Мёдова Н.А., 2012. – 9 с., 4. Оралбекова А.К., 2017. – 79 б.].

«Жабық» арнайы білім беру мекемелерінің жүйесі интернат типінде қалыптасты. 1917-1918 жылдары 30 үкіметтік құжаттар халық арасына кең таралған, оның негізінде шіркеулер мектептен алыстатылды; қайырымдылық шараларға тиым салынды; барлық қайырымдылық ұйымдары қысқартылды.

1917 жылдың аяғына қарай жаңа мектеп жүйесін құрастырумен айналысатын, ағартушылық бойынша Мемлекеттік комиссия ұйымдастырылды. Арнайы білім беру мекемесі А.В.Луначарский басқарған Халық ағарту комиссариатының құзыреттілігіне берілді. Жаңа жүйені рәсімдеу ісі 20-жылдардың соңына қарай жүзеге асты.

Арнайы білім беру жүйесін жетілдірудің қайнар көзі – алғаш рет мемлекеттік бюджет саналды.

РСФСР ХКК (Халық комиссарлар кеңесінің) «Саңырау, соқыр және ақыл-ойы кем балалар мен жасөспірімдерге арналған мекемелер туралы» (1926) Қаулысында арнайы білім беру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үдерісі туралы белгіленген. Арнайы білім берудің мақсаты айтылды: мектеп мен еңбек арқылы қоғамдық пайдалы

еңбек әрекетіне даярлау.

Н.Н.Малофеевтің ойынша, КСРО-дағы арнайы білім берудің түбегейлі ерекшелігі – Көне Римде әлеуметтік-саяси, әскери және алымсалық қабаттарға жіктеу мақсатында цензор тарапынан азаматтардың мүлкін мерзімді бағалау мен есепке алу. XX ғасырдың 50-60 жылдарында Кеңестік Ресейде арнайы білім беру мекемелерін дифференциалау ісі жүзеге асырылып, жаңа идеялар мен типтер пайда болып, олардың желілері кеңейді. Оған мектеп реформалары септігін тигізді – 8-жылдық (1959), содан кейін 10-жылдық міндетті білім беру жүйесі (1966) ендірілді.

70-80 жылдары психикалық дамуында кідірісі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесі қалыптасты. 1981 жылы бұл балалар үшін арнайы мектептер, ал 1988 жылдан бастап көпшілік мектептерде теңестіру арнайы сыныптар ашыла бастады.

80-жылдар соңында көмекші мектептерде ақыл-есі кем, мешеу балалар үшін алғашқы эксперименталды сыныптар ұйымдастырылды.

1990 жылға қарай мұндай арнайы мектептер саны 2789-ға жетті (онда 575 мың оқушы білім алды). Арнайы мектептердің 8 түрі мен арнайы оқытудың 15 типі болды.

Мектепке дейінгі мекемелерде (70-жылдары ашыла бастаған) дамуында ауытқушылық бар 300 мыңнан астам балалар тәрбиеленді. Арнайы педагогикалық технологияларды дамыту деңгейі жоғарылап, әртүрлі категориялардың дамуында ауытқушылық байқалған балаларды оқыту үшін «жан-ама жолдарды» құрастыру ісі бастады (Л.С.Выготский, В.П.Кашенко, А.Р.Лурия, А.Я.Грабовров, А.С.Грибоедов, Г.М.Дульнев, Ф.А.Рау, Н.А.Рау, Ф.Ф.Рау, Ж.И.Шиф, Р.М.Боскис, И.А.Соколянский, Р.Е.Левина, Н.Г.Морозова, Б.Д.Корсунская, М.С.Певзнер, А.И.Дьячков, С.А.Зыков және т.б.).

Дефектологиялық ғылым ұлттық мемлекеттік жүйе аясында әртүрлі категориядағы аномалды балаларды дифференциалды оқытуды қамтамасыз етті (арнайы білім беру мекемелерінің әртүрлі типтерінде ауытқушылықтың көріну деңгейі мен сипатына байланысты дамуында ауытқушылық бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру). Бүгінгі таңда аталған жүйеге арнайы оқытудың 15 типі енеді, олар ұйымдастыру мазмұны, тәсілі мен формаларын қамтамасыз ететін арнайы мектептердің 8 негізші типтерінде жүзеге асқан. Қазіргі таңда әрбір мектептің типтері мен арнайы білім беруді ұйымдастырудың вариативті формалары үшін әртүрлі деңгейлі бағдарламалар құрастырылған.

Алға қойылған айқын міндеттерді шешудің әдістемелік және теориялық негіздері арнайы психология мен педагогиканың шетелдік, ресейлік және әлемдік мамандары тарапынан

мойындалған [4.Оралбекова А.К., 2017. – 89 б.,5. Оралбекова А.К., 2016. – 233 б.].

Арнайы білім берудің кеңестік жүйесінің кемшіліктері бар екенін де атап өту керек:

- аномалды балаларға білім берудің ценздік сипаты бұл категорияны «білім алушылар» және «білім алмайтындар» деген категорияларға жіктеуге септігін тигізді;

- құрылымдық және мазмұнды біркелкілік;
- зәру балалардың барлық категорияларына арнайы білім беруге заңнамалық құқықтардың болмауы;

- жабық типтегі мекемелердегі балалармен қоршаған орта арасындағы тоқсауылдың болуы;

- дамуында ауытқушылық бар балаларды анықтау, диагностикалау және есепке алудың мемлекеттік жүйесінің жетілмеуі;

- ерекше баланы тәрбиелейтін отбасыны қолдаудың әлеуметтік бағдарламаларының болмауы;

- мекемелердің дефектолог-мамандармен қамтамасыз етілмеуі.

Арнайы білім берудің ұлттық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы тарихын қарастыра отырып, Н.Н.Малофеев эволюцияның бірнеше кезеңдерді атап көрсетеді:

- *I кезең* (VIII ғғ.–XII ғғ. арасы) – агрессия мен шыдамсыздықтан мүгедектерге қамқорлық жасау қажеттілігін сезінуге дейін;

- *II кезең* (XII ғғ.–XVIII ғғ. арасы) – мүгедектерге қамқорлық жасау қажеттілігінен соқырлар мен кереңдерді оқыту мүмкіндігін түсінуге; жекелей оқыту баспаналарынан арнайы білім беру мекемелеріне дейін;

- *III кезең* (XVIII ғғ.–XX ғғ. арасы) – сенсорлық ауытқушылығы бар балаларды оқыту мүмкіндігін сезінуден білім беру жүйесіндегі аномалды балалардың құқығын мойындауға дейін;

- *IV кезең* (XX ғғ. басынан 70-жылдарға дейін) – дамуында ауытқушылық бар балалардың жекелеген категориялары үшін арнайы білім беру қажеттілігін түсінуден барлық зәру адамдар үшін арнайы білім беру қажеттілігін түсінуге дейін. Арнайы білім беру жүйесінің дамуы мен дифференциациясы;

- *V кезең* (XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап) – тепе-тең мүмкіндіктерден тепе-тең құқықтарға, сегрегациядан интеграцияға дейін [6. 2015. – 17 б.].

Н.Н.Малофеевтің ойынша, Ресей Еуропа елдерінен әжептеуір артта қалған және төртінші кезеңнен бесінші кезеңге өткелі тұр. Ресей қоғамының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін құрастыру қажеттілігі туындады. Әзірше, арнайы білім беру жүйесінің дағдарыстық жағдайы туралы айтуға болады.

Білім беру жүйесі – мәдениеттің функционалану және дамытудың күрделі тарихи үдерістерінің шектеулі бөлігі болып табылады. Н.Н.Малофеевтің ойынша, қоғам мен мемлекеттің қарым-қатынасы эволюциясында ауытқушылық байқалған тұлғалардың дамуында бес кезең болады [7. Оралканова И.А., 2014. – 46 б.]. Олар №1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Шетелдегі ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім берудің қалыптастыру кезеңдері

Кезең	Кезеңнің атауы	Уақыттық кезең	Батыс елдердегі кезеңнің сипаттамасы
1	Пайда болуы	Б.э.д VIII ғ.– б.э. XII ғ.	Қалыпты емес балалардың құқықтық нормалары мен заңдылықтарын мойындау және оның қажеттілігін түсіну.
2	Оқыту мүмкіндіктерін түсіну	XII–XVIII ғғ.	Сенсорлық ауытқушылығы бар балаларды оқыту. Алғашқы арнайы мекемелер.
3	Үш түрлі категориядағы балаларды оқыту: есту, көз және ақыл-есі зақымданғандар.	XVIII ғ. – XX ғ. басы	Арнайы оқыту орындарының ашылуы, арнайы білім беруді кіріктіру туралы алғашқы заңдылықтар мен актілерінің пайда болуы.
4	Барлық аномалды балаларды оқыту қажеттілігін түсіну.	XX ғ. басы. – XX ғ. 70-ші ж.ж.	Зақымдану түріне байланысты арнайы көмекті қажет ететін балаларды кеңінен қамту. Балаларды интеграциялау - «Нормализациялау үлгісінің» жүзеге асуы.
5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоғамға кіріктіру.	XX ғ. 70-ші ж.ж.	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне «кіріктіру моделін» жүзеге асыру. вател ьный процесс

Инклюзивті білім беру – білім беру саясаты мен тәжірибесінің перспективті стратегиялық жаңа бағыты, белгілі бір деңгейде жалпы білім беру негіздеріне қатысты. Сондықтан, инклюзивті үдерісті жобалау кезеңдерінде білім беру мекемелерінде осы үдерістің ситуациялық кере-

ғарлықтары мен мағына шектеулерін, қауіптері мен ресурстарын қарастырып қоймай, бағалау керек. Сөйтіп инклюзивті білім берудің негізін қалап, оны жүзеге асырудағы қателіктерді болдырмауға тырысу керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ярмохов Б.Б. «1 ученик : 1 компьютер» — образовательная модель мобильного обучения в школе Москва, 2012 г. д. 236 с.
2. Малофеев Н.Н. История становления развития национальных систем специального образования (социокультурный аспект) // Специальная педагогика / Под ред. Н.М. Назаровой. - М., 2000.
3. Медова Н.А. Инклюзивное образование в схемах и таблицах: методическое пособие / ТОУНБ и м. А. С. Пушкина, Отдел организации обслуживания инвалидов по зрению; МБЛ ПУ ЗОТ «Центр медицинской профилактики»; отв. за выпуск А. А. Коваленко. – Томск, 2012. – 24 с.
4. Оралбекова А.К. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау. фил.до к.(PhD) дисс. – Алматы, 2017. – 225 б.
5. Оралбекова А.К. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық құзиреттілігін қалыптас тырудың педагогикалық шарттары // ПМУ Хабаршысы Педагогикалық сериясы, № 4 (2016), Павлодар, Б. 232-240
6. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзиреттіліктеріне қойыл атын талаптарды дайындау бойынша әдісте мелік ұсынымдар.–Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.
7. Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дис. ... докт.филос.офии (PhD). – Алматы, 2014. – 210 с.